

**Елді мекендер шегінде, бірақ селитебті аумақтан тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық-қорғаныштық, техникалық және өзге де аймақтарына базалық ставкаларды төмендету туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XII сессиясының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 101 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 04 ақпанда N 8-5-63 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 22 сәуірдегі N 1-24/70 хатымен)

*Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды ( Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихаты аппаратының 2011.04.22 N 1-24/70 хатымен).*

2001 жылдың 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, 2008 жылдың 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес, қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қаласы елді мекендер шегінде, бірақ селитебті аумақтан тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне (шахталарды, карьерлерді қоса алғанда) және олардың санитариялық-қорғаныштық, техникалық және өзге де аймақтарына базалық ставкалар 2009 жылға 30 пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық Мәслихаттың бюджет және экономика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (Б. Мусин) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XII сессияның төрағасы* *Т. Қасымов*  
*хатшысы* *Қалалық Мәслихаттың*  
*Н. Кәдірсізов*